

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен сертификаттау жүйесін халықаралық талаптарға үйлестіру және инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 7 шілдедегі N 216

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен сертификаттау жүйесін халықаралық талаптарға үйлестіру және инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де атқарушы органдары:

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының өнімге, процестерге, қызмет көрсетулерге қолданылатын мемлекеттік стандарттарына талдау жүргізсін және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігіне оларды халықаралық талаптармен үйлестіру және жұмыстың орындалу мерзімі мен қаржыландыру көздерін айқындаі отырып шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сертификаттау ресімдерін онайлату жөнінде ұсыныс табыс етсін;

өнім өндіру, жұмыстарды жүргізу және қызметтер көрсету кезінде стандарттаудың мемлекеттік стандарттау жүйесінің талаптары мен ережелеріне сәйкес халықаралық (аумақтық) және шет елдің ұлттық стандарттарын тікелей қолдануды жүзеге асырсын;

1997 жылдың 15 тамызына дейін "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген бекіту мен тіркеуден өтпеген мемлекеттік стандарттарды Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігіне табыс етсін;

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өнімге, жұмыстар мен қызмет түрлеріне қатысты әзірленген заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігіне белгіленген тәртіппен келісуге жолдасын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі:

1998 жылдың 1 сәуіріне дейін мемлекеттік стандарттар мен сертификаттау жүйесін халықаралық талаптармен үйлестіру жөніндегі жоспарды әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін;

қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттау мен ережелерге 1998 жылдың 1

қаңтарына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өнімді жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сертификаттаудың тәртібін оңайлатуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңына қайшы келетін заң актілеріне өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына табыс етсін.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК